

**АБАЙ**

**UNIVERSITY**



**Астанадағы жиынын**

**2 бет**

**Сәбитова сұхбат берді**

**3 бет**

**Студенттік театрлар**

**4 бет**

**№04 (239) сәуір апрель 2024**

2002 жылдың тамыз айынан бастап шығады

**РЕЙТИНГ**

**QS WORLD UNIVERSITY RANKINGS BY SUBJECT 2024**

**АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІ ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ҮЗДІК УНИВЕРСИТЕТТЕРДІҢ ҚАТАРЫНА ЕНДІ**

Бүгін QS World University Rankings by Subject 2024 беделді халықаралық рейтингінің нәтижелері жарияланды, оның нәтижелері бойынша Абай атындағы ҚазҰПУ 7 пән бойынша әлемнің үздік университеттерінің қатарына енді. Осылайша, университет жетістіктер еншісіне тағы 4 білім беру бағдарламасы қосылды, әрине, бұл - жоғары білімнің әлемдік аренасындағы үлкен жетістік және мойындалу болып табылады.

Бүкіл әлем бойынша пәндік рейтингтердің танымалдылығының өсуіне мамандану, сапаны қамтамасыз етуге сұраныс, жаһандық бәсекелестіктің артуы, жұмысқа орналасу мүмкіндіктері, ашықтық пен қолжетімділік сынды себептерін атап өте аламыз.

Биылғы рейтингте әлемнің 1500-ден астам университеті мен 96 жерінен келген студенттердің бес кең пәндік санатына топтастырылған 16 400-ден астам университет бағдарламаларының тиімділігіне тәуелсіз салыстырмалы талдау қамтамасыз етілді.

Қазақстанның 119 жоғары оқу орнынан пәндік рейтингке 8 жоғары оқу орны қатысып, 57 бағдарламаға талдау жасалды, олардың 17-сі өз орнын жақсартса, 7-уі төмендеді, 13-і өз орнын сақтап қалып, ал 20-сы рейтингке алғаш рет енді.

Абай атындағы ҚазҰПУ дәстүрлі түрде ең жақсы нәтижені «Әлеуметтік ғылымдар және менеджмент» (Social sciences & Management) санатында «Білім және оқыту» (Education & Training) пәндік саласы бойынша көрсетті - 54 орын (Қазақстан бойынша 1 орын), бұл өткен жылғы нәтижеден 22 ұпайға жоғары! Ал бұл Қазақстандағы педагогикалық білім беру көшбасшысының миссиясы орындалатындығын тағы бір дәлелдеді. Бұл санат бойынша алғаш рет «Құқықтану» пәні қатарға енді - 301-350 орын (Қазақстан бойынша 3 орын).

5 рейтинг санатының ішінде университет өткен жылғыдай тағы да «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» (Arts & Humanities) санатында белгіленді - әлемдік рейтингте 351-ші орын. Аталған санатта үздік 100-ге енген «Ағылшын тілі және әдебиеті» (English Language & Literature) пәні бойынша тағы да үздік нәтиже 93-орын (Қазақстан бойынша 1 орын), бұл өткен жылғы көрсеткіштен 2 орынға жоғары. Алғаш рет 3 пәндік сала атап өтілді: Қазақстан бойынша 1-ші орын алған «Философия» (Philosophy), «Қазіргі тілдер» (Modern Languages) - Қазақстан бойынша 3 орын, және «Өнер және дизайн» (Art & Design) бойынша Қазақстанда 3 орын. Айта кету керек, олардың алғашқы екеуі бірден 101-150 позицияларында, бұл әлемдік жүздікке кіруімізге тек «бір қадам» қалғанын көрсетеді. Үшінші пән 201-240 орында. Сонымен қатар, бірнеше жыл қатарынан «Тіл білімі» (Linguistics) өз орнын сақтап қалды - 201-240.

Осылайша, рейтингке енген 7 пәннің ішінде үздік 100-ге «Білім беру және оқыту» және «Ағылшын тілі», үздік 200-ге «Қазіргі тілдер» және «Философия», үздік 300-ге «Өнер» және «Тіл білімі», «Құқықтану», сонымен қатар кең санаттағы «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» топ 400-ге кірді.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың жетістігі ғылыми зерттеулер сапасының жақсаруының арқасында мүмкін бола алды, ал бұған бұрын рейтингке енгізілген пәндер бойынша есептелген «Дәйексөз көрсеткіші» және «Хирш индексі» көрсеткіштерінің оң динамикасы дәлел. Жаңа пәндердің бағалануы ғылыми басылымдардың шекті мәндерден жоғары өсуі арқылы қол жеткізілді, ал олардың жоғары орындары, басқалармен қатар, университеттің академиялық беделінің өсуімен қамтамасыз етеді.

Айта кету керек, университет бұл рейтингке 2021 жылы қатыса бастады және бірнеше жыл ішінде рейтингтік пәндер санын 2-ден 7-ге дейін арттырды. Университеттің педагогикалық зерттеу университетіне айналу кезеңіндегі бұл ілгерілеу динамикасында жаһандық академиялық қоғамдастыққа табысты интеграциялауға, әлемдік білім беру кеңістігінде Abai University ұлттық брендінің беделі мен танымның өсуіне үлес қосатын оқу және ғылыми-зерттеу қызметінің жоғары сапасының даусыз дәлелі.

\* QS World пәндік университеттер рейтингінің соңғы шығарылымының нәтижелерін мына сілтемеден табуға болады: <https://www.topuniversities.com/>.



**ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАР!**

Сіздерді 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл мереке - халқымыздың ұйымшылдығы, ел бірлігі мен қоғамдық келісімнің символы. Бейбітшілік, келісім және саяси тұрақтылық - әрбір азаматтың күш-жігерінің арқасында қол жеткізген ең үлкен жетістіктеріміз. Бұл құндылықтар елді нығайтып қана қоймай, біздің көпұлтты Отанымызды мекендейтін халықтар арасындағы достықтың негізі болып табылады.

Қоғамымыздың барлық салаларындағы жүйелі жаңғырулардың бүгінгі беталысы бірлікті нығайтуға ықпал етіп, жаңа белестерді бағындыруға жол ашатынына сенімдімін. Түсіністік пен тұрақтылық - әрбір азаматтың қатысуын және оның ел дамуына үлес қосуын талап ететін құндылықтар. Бір шаңырақ астындағы халқымыздың достығы мен өзара түсіністігі жалғасып, еліміздегі ұлтаралық татулық әрқашан берік болсын!

Баршаңызға зор денсаулық, еңбектеріңізге табыс, әр шаңыраққа шаттық пен бақ-береке тілеймін!

Құрметпен, ректор Болат Тілеп

**ТАЛАПҚЕР - 2024**

**АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІМЕН БІРГЕ БІЛІМ КӨКЖИЕГІНЕ ҚАНАТ ҚАҒЫҢЫЗ!**

Абай атындағы ҚазҰПУ - 95 жылдық тарихы бар еліміздегі тұңғыш жоғары оқу орны. Бүгінде педагогикалық білім берудің флагманы болып табылатын қазақ білімінің қара шаңырағы - Абай университеті үздіксіз дамуға, жаңа инновацияларға және жоғары сапалы озық білім беруге бағытталған.

Университет жаңа буын өкілдерін педагогикалық кадр ретінде даярлауға бағытталған ірі ғылыми жетістіктерін, заманауи білім бағдарламаларын, ұлттық кадр даярлаудағы жаңашылдығын негізге ала отырып, бәсекеге қабілетті мамандар даярлауды жалғастыруда. Сондай-ақ, студенттерге оқытудың заманауи әдістерін ұсынып, оларды ғылыми өмірге бейімдеумен қатар табысты мансап пен қоғамдық дамуға үлес қосу дағдыларын да қамтамасыз ете алатындығымен құнды.

**АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ:**  
Білім берудегі ерекшелік: университет оқытудың ең озық технологиялары мен әдістемелерін пайдалана отырып, білім берудің ең жоғары стандарттарына ұмтылады; Инновация және зерттеу: университет - білім алушылар мен оқытушылар ғылыми зерттеулер жүргізетін және заманауи мәселелерді шешудің инновациялық тәсілдерін дамытатын интеллектуалды орталық; Ғылыми-зерттеу интеграциясы: университет студенттер мен оқытушыларды ғылыми жобаларды енгізуге және дамытуға ынталандыра отырып, ғылыми зерттеулерді жүргізуді белсенді түрде қолдайды; Көшбасшылықты дамыту: аталмыш университет студенттердің көшбасшылық қасиеттерін дамытуға, олардың сұранысқа ие маман және қоғамның белсенді мүшесі болуына ықпал етеді; Студенттік өмір: университет студенттерге сапалы білім

берумен қатар, олардың шығармашылық клубтар, ұйымдар және мәдени іс-шаралар арқылы тәжірибелерін байыта отырып, студенттік өмірге белсенді қатысуына мүмкіндік береді; Жаһандық перспектива: университет студенттерге академиялық алмасу, қос дипломды бағдарламалар және халықаралық серіктестіктер арқылы әлемдік академиялық ортаға енуге мүмкіндік беру арқылы халықаралық оқу ортасын құруға ұмтылады.

**УНИВЕРСИТЕТТЕГІ ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ:**  
Педагогикалық, өнер және гуманитарлық, әлеуметтік, жаратылыстану ғылымдары мен технологияларды қоса алғанда, әртүрлі салалардағы бакалавриат және магистратура; Кәсіби даму, біліктілікті арттыру және қайта даярлау үшін қосымша білім беру бағдарламалары; Академиялық білімін жетілдіруге және белсенді ғылыми жұмысқа ұмтылатындар үшін докторантура және ғылыми дәрежелер.

**ТАҢДАУЫҢЫЗ НЕЛІКТЕН АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІ БОЛУЫ КЕРЕК:**

өз салаларында тәжірибесі мол жоғары кәсіби оқытушылар; заманауи инфрақұрылым және оқу ресурстары; Қазақстанның ғылыми, білім беру, мәдени, тарихи, экономикалық орталығы болып табылатын Алматы қаласында орналасқан; әлемнің озық университеттерімен академиялық, ғылыми және білім берудің озық технологияларымен өзара алмасу мүмкіндіктері. Абай атындағы ҚазҰПУ - жас мамандардың дамуына және жаһандық әлем азаматтарының қалыптасуына ықпал ете отырып, білім, ғылым және мәдениет орталығы болып қала береді.

**Баспасөз қызметі**

**СҰХБАТ**



**ФРАНЦУЗ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНЕ АРНАЛҒАН ЖАЗҒЫ МЕКТЕП ӨТКІЗУДІ ЖОСПАРЛАП ОТЫРМЫЗ**



**А.Ә.СӘБИТОВА,**  
Сорбонна-Қазақстан институтының директоры

—Айнұр Әлімханқызы, әне-міне дегенше биылғы оқу жылы да аяқталуға жақын. Енді көп ұзамай жазғы қарабалас басталады. Олай болса, арқамызға қайырылып бір қарап, сонан соң жаңа бастамаларға қарай ойыссақ, бұған қалай қарайсыз? Ендеше әңгімені өзіңіз басқаратын институттың тарихына қысқаша шолу жасаудан бастасаңыз?

—Абай атындағы ҚазҰПУ-нің жанынан Сорбонна-Қазақстан институтын құру туралы алғашқы меморандумға 2013 жылы Сорбонна Париж-Сити университеті (Sorbonne Paris Cité) мен Абай университеті арасында қол қойылды. Институттың салтанатты ашылуы 2014 жылы 6-желтоқсанда екі елдің мемлекет басшыларының қатысуымен өтті. Сол кезден бері Қазақстан мен Француз тараптары арасында осы жобаның одан әрі дамуын кезең-кезеңімен айқындайтын 20-дан астам шарт жасалды.

Абай университеті жанынан Сорбонна-Қазақстан институты ашылғаннан бері бұл оқу орны әлемдік франкофония желісіне қосылып, AUF-тің (франкофондық университеттер агенттігі) толыққанды мүшесі болып қабылданды. Франкофонияның басқа да өкілдіктерімен, мысалы, Француз Альянсы, Франция-Қазақстан Сауда-Өнеркәсіп Палатасы, Францияның Орталық Азияны зерттеу институтымен (IFEAC) бірлескен әріптестігіміз шарттармен бекітіліп, өзара тәжірибе алмасу және бірлескен іс-шаралар өткізу арқылы жүзеге асырылып келеді.

Басы. Жалғасы 3 бетте

**БЕЛГІЛІ ХИМИК-ҒАЛЫМ Н.БЕКТЕНОВ – 70**



**ҰЛТ БОЛАШАҒЫН ойлаған ғалым**



Отандық химия ғылымдарының көрнекті өкілдерінің бірі, химия ғылымдарының докторы, профессор Несіпхан Әбжаппарұлы Бектепов 70 жасқа толып отыр. Бұл оның жеке басының ғана мерейтойы емес, еліміздегі күллі химия ғалымдарының ортақ мерекесі десек, артық айтқандық емес.

Н.Ә.Бектепов 1954 жылы 15 мамырда Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Бірлік аулында дүниеге келген. Әкесі Әбжаппар Бектепов Ұлы Отан соғысына бастан аяқ қатысқан майдангер-жауынгер болатын. Ол балаларының тәрбиесіне ерекше көңіл бөлетін.

Басы. Жалғасы 4 бетте

ІС-ШАРА

## «АБАЙ» СТИПЕНДИЯСЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



Қазақ білімінің қара шаңырағы - Абай атындағы ҚазҰПУ академиялық жетістіктерді арттыру және ғылыми таланттарды ынталандыру мақсатында алғаш рет «Абай» стипендиясын тағайындады. Университет ректоры Тілеп Болат мырзаның бастамасымен қолға алынған жаңа бағдарлама қаржылық қолдаумен қатар студенттерді академиялық жетістікке жетуге ынталандырады.

«Абай» стипендиясының мақсаты - Абай университетінің дарынды студенттерін қолдау, олардың интеллектуалдық, ғылыми-зерттеу әлеуетін қалыптастыру және оқу-танымдық қызметін ынталандыру.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша және ақылы негізде оқитын 2-4 курс студенттері енді жаңа білімге, ғылыми-зерттеу жұмыстарына деген ұмтылыстарын көрсетуге мүмкіндік алды. Атаулы стипендияның иегері болу үшін өткен оқу кезеңдерінде студенттің оқу үлгерімі тек «өте жақсы» (А, А-) болуы керек. Алайда, бұл іріктеу талаптарындағы жалғыз критерий емес. Президенттік стипендия алатын студенттер «Абай» стипендиясына үміткер бола алмайды.

Үміткерлерді анықтау екі кезеңнен тұрады. Іріктеу үрдісі үміткерлерден тек академиялық шеберлікті, академиялық адалдықты ғана емес, сонымен қатар олардың ғылыми-зерттеулерін көрсетуді талап етеді. Конкурстың екінші кезеңінде қатысушылар ғылым декадасы аясында ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша баяндамалар жасауы тиіс. Бұл студенттерге өздерінің ғылыми қабілеттерін көрсетуге және белсенді ғылыми қоғамдастықтың бір бөлігі болуға мүмкіндік береді.

Ұсынылған жұмыстарды талқылап, бағалағаннан кейін жеңімпаздар әр институт/факультет ұсынған квотаға сайкес анықталады. Бұл үрдіс үздіктерді таңдауда әділдік пен ашықтыққа кепілдік береді. Еңбегі мен таланты танылған студенттер үшін «Абай» стипендиясы жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Ай сайынғы 100 000 теңге студенттердің ғылыми ізденістерін қолдауға бағытталған.

Университетке «Абай» стипендиясының енгізілуі - білім саласын дамытудағы жай ғана қадам емес, жас ұрпақты ғылымға, білімге ынталандыру, осы саладағы академиялық жаңа белестерді табысты бағындыруға шақыру. Оларды дәл осылай қолдау - келешектерін сәтті қалыптастыруға ықпалын тигізери анық.

Өз тілшімізден

ПРАКТИКА

30 сәуірде Астана қаласының мектептерінде өндірістік тәжірибеден өткен Абай атындағы ҚазҰПУ 4 курс студенттерінің қорытынды конференциясы өтті.

Іс-шараға ҚР Ғылым және жоғары білім студенттердің өндірістік тәжірибе барысындағы министрі Саясат Нұрбек, Оқу-ағарту министрлігі жұмысына тоқталып, алдағы оқу жылында да Орта білім беру комитетінің төрағасы Қаныбек университет Астана қаласымен бірлесіп жұмыс Жұмашев, Астана қаласы Білім басқармасының істейтінін жеткізді.

Абай университетінің 4 курс студенті Алтын Мендыбаева студенттер атынан Министрлікке, Академиялық мәселелер департаментінің директоры Хайрулла Жанбеков, сонымен қатар Астана қаласы әкімдігі мен университет басшы-Мектеп директорлары мен әдіскерлері қатысты.лығына алғысын айтып, бұл өндірістік іс-Конференция барысында министр Саясат тәжірибеден алған әсерімен бөлісті.

Нұрбек өндірістік іс-тәжірибесінің жоғары Кездесу барысында студенттер министр Саясат деңгейде екенін атап өтіп, студенттерге алғысын Нұрбекке болашақта ұстаз болу мансаптарына білдірді. қатысты сұрақтарын қойып, педагогикалық қызметке байланысты өз ұсыныстарымен бөлісті.

«Елорданы жаңа педагогикалық кадрлармен қызметке байланысты өз ұсыныстарымен бөлісті.

## АСТАНА МЕКТЕПТЕРІНДЕ ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТКЕН СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚОРТЫНДЫ ЖИЫНЫ



қамтамасыз ету жұмысының алғашқы нәтиже- Тәжірибе қорытындысы бойынша студенттердің лерін көру - білім беруді дамытудағы маңызды жартысынан көбі елорда мектептерінде жұмыс қадам. Мектептердегі студенттердің педагогика- істеуге ниет білдірді.

жаңа мамандармен қамтамасыз етіп қана Айтпа кетейік, жаңа мектептерді жаңа форма- қоймайды, сонымен қатар студенттерге болашақ циядағы педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында ҚР Ғылым және жоғары білім мансап жолында қолдана алатын құнды тәжірибе министрлігі және Астана қаласы Білім басқарма- береді. Бұл еліміздің білім беру саласын сының қолдауымен Абай университетінің 4-ші дамытудағы өзара тиімді және маңызды кезең», - курсының 181 студенті Астанада жалпы білім беру ұйымдарында өндірістік іс-тәжірибеден өтті.

Абай университетінің өкілі Хайрулла Жанбеков

Қоғаммен байланыс департаменті

## САЯСАТ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

4 сәуірінде Абай атындағы ҚазҰПУ-да Ғылым қызметкерлерінің күніне орайластырылған Ғылым декадасы-2024 Саясат, мәдениет және дін мәселелерін зерттеу орталығының салтанатты ашылуымен басталды. Орталық ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі қаржыландыратын «BR21882428 - Посткалыпты кезеңдегі исламның рухани, мәдени, саяси, әлеуметтік феномен ретіндегі әсері мен болашағы: Таяу Шығыс және Орталық Азия елдерінің тәжірибесі» бағдарламалық-нысаналы ғылыми жоба аясында ашылды.



Іс-шара барысында Басқарма төрағасы-ректор Болат Тілеп қатысушыларды жаңа орталықтың ашылуымен құттықтап, университеттің ғылыми әлеуетін дамытуға бағытталған бұл маңызды қадам жас ғалымдар мен зерттеушілер үшін жаңа перспективалар ашып, орталықтың қазіргі әлемдегі саясаттың, мәдениет пен діннің күрделі аспектілерін терең зерттеуге үлкен мүмкіндік беретінін атап өтті. Сонымен қатар, университет басшысы бұл бастама тек университетте ғана емес, жалпы елде де ғылыми зерттеулердің жандануына ықпал ететініне тоқталды.

Саясат, мәдениет және дін мәселелерін зерттеу орталығының ашылуы университеттің ғылыми базасын нығайтатын және ғылыми зерттеулерді, әсіресе қазіргі әлемдегі әсерлер мен перспективаларды зерттеу контекстінде жандандыруға ықпал ететін маңызды оқиға болып табылады.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі қаржыландыратын жоба ғалымдар мен жас зерттеушілерге қоғам дамуының күрделі аспектілерін зерттеп, талдауға бірегей мүмкіндік береді.

Орталықтың құрылуы Қазақстанның жетекші педагогикалық университетінің ғылыми базасы мен академиялық беделін нығайтуға, сондай-ақ маңызды әлеуметтік-мәдени және саяси мәселелерді зерттеудің заманауи тәсілдерін дамытуға бағытталған тағы бір қадам болып табылады.

Өз тілшімізден

## СТУДЕНТТІК ДЕКАНДАР САЙЛАНДЫ

Абай атындағы ҚазҰПУ-да факультетаралық студенттік декандарды сайлау науқаны өтті. Сайлауға барлық факультеттер бойынша 57 үміткер қатысты.



Оның ішінде: Филология факультетінен 6 үміткер, Жаратылыстану және география факультетінен 10 үміткер, Тарих және құқық факультетінен 11 үміткер, Педагогика және психология факультетінен 7 үміткер, Математика, физика және информатика факультетінен 10 үміткер, Сорбонна-Қазақстан факультетінен 2 үміткер, Өнер, мәдениет және спорт факультеті өнер бағыты бойынша 5 үміткер, спорт бағыты бойынша 6 үміткер сайлауға үміткер ретінде тіркелді.

**Сайлау нәтижесінде студенттік декандар:**

Филология факультетінің студенттік деканы - 2 курс студенті Камалова Тоғжан (155 дауыс);

Жаратылыстану және география факультетінің студенттік деканы -1 курс студенті Аширов Мырза (59 дауыс);

Тарих және құқық факультетінің студенттік деканы - 2 курс студенті Алғысқызы Жаннұры (53 дауыс);

Педагогика және психология факультетінің студенттік деканы - 2 курс студенті Караманова Дана (121 дауыс);

Математика, физика және информатика факультетінің студенттік деканы - 2 курс студенті Тұрсынбек Әмина (277 дауыс);

Сорбонна-Қазақстан факультетінің студенттік деканы - 1 курс студенті Айқынқызы Бағжан (68 дауыс);

Өнер, мәдениет және спорт факультеті өнер бағыты бойынша студенттік деканы - Сейдалиева Жанель (37 дауыс);

Өнер, мәдениет және спорт факультеті спорт бағыты бойынша студенттік деканы - 2 курс студенті Рахымжан Жомарт (122 дауыс) сайланды.

Баспасөз қызметі

## Open Talk: ҒЫЛЫМДАҒЫ ЖАС ҒАЛЫМДАР

«Ғылым декадасы-2024» аясында Абай университетінде «Жас ғалымдар ғылым жолында» атты Open Talk форматында іс-шара өтті. Іс-шарада Абай университетінің постдокторанттары: Нұржанат Шакирова, Раиса Ізмағамбетова, Азиза Жүнісбекова, Ербол Тілеуберді, Назгүл Қожамқұлова, Фариза Исмаилова, Ернар Оспанқұлов, Лаура Шалабаева және Жарасбек Байшемиров сөз сөйледі. Спикерлер Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі қаржыландыратын ғылыми жобалардың жетекшілері, сондай-ақ түрлі стипендиялардың иегерлері және халықаралық ғылыми жобалар мен бағдарламалардың қатысушылары және көптеген республикалық және халықаралық жетістікке жеткен жас ғалымдар.



Іс-шара барысында жас ғалымдар төрт негізгі модуль бойынша сөз сөйледі: «Білім берудегі инновациялық трендтер», «Халықаралық бағдарламалар мен тағылымдамалар», «Жарияланымдық белсенділік» және «Жобалық қызмет». Олар өзекті ғылыми тақырыптарды зерттеу, ғылыми қоғамдастықта байланыс желісін құру, халықаралық ғылыми бағдарламаларға қатысу, сондай-ақ ғылыми журналдарда және ғылыми қызметтің басқа аспектілерінде мақалалар жариялау бойынша өз тәжірибелерімен бөлісті.

Баяндамалардан кейін ашық алаңда университеттің жас зерттеушілері мен білім алушылары идеялармен алмасуға, сондай-ақ спикерлерге сұрақтар қоюға мүмкіндік алды, бұл жас зерттеушілердің білімі мен болашақ мансабы контекстінде ғылыми қызмет пен оның перспективаларын тереңірек түсінуге ықпал етті.

Аталған институт ашылған сәттен бастап француз жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықта қос дипломды білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру тетігі сәтті жолға қойылды және бүгінгі таңда осы бағдарлама бойынша қос диплом алған түлектердің саны 150-ден асып отыр.

**–Сорбонна-Қазақстан институтында студенттерге заманауи білім берумен бірге, жан-жақты тұлға болып қалыптасуына ықпал ету үшін қандай игілікті жұмыстар атқарылып жатыр?**

–Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Сорбонна-Қазақстан институты бакалавриат, магистратура және докторантура білім беру бағдарламалары бойынша, қос дипломды (бакалавриат, магистратура) жоғары білімнің толық циклін ұсынады. Жыл сайын Франциядан шақырылатын 25-тен астам профессорлар студенттерге дәріс оқиды. Осы тұста айта кету керек, қос

бұл мәселе қалай жолға қойылған? Қандай ғылыми жобалар жүзеге асырылып жатыр? Институттың ғылыми әлеуеті мен жобалардың маңыздылығына тоқталып өтсеңіз.

–Біздің институтта ғылыми-педагогикалық жұмыс негізгі 4 принципке сүйенеді. Атап айтқанда:

- 1)Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Сорбонна-Қазақстан институты – экономикалық және саяси ғылымдар, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар, сондай-ақ француз тілі саласы бойынша алғашқы өңірлік қазақстан-француз білім беру хабы;
- 2) Жоғарыда аталған пәндер бойынша Франция мен Қазақстан арасындағы бірлескен ғылыми ынтымақтастықтың зертханасы;
- 3) Орта Азия аймағындағы Франкофонияның жетекші өкілі;

–Студент – оқу ордасының айнасы ғана емес әрі мақтанышы. Олай болса, кәсіби салада болсын, ғылымда, спортта, өнер-білімде болсын, студенттеріңіздің қандай жетістіктерін ерекше атап өткен болар едіңіз?

–Біздің институтының студенттері шеттерінен талантты әрі белсенді жастар. Олар үнемі республикалық және халықаралық ғылыми, спорттық және шығармашылық конкурстарға қатысып, жүлделі орындардан көрініп жүр. Атап айтқанда Сорбонна-Қазақстан институтының білім алушылары «Қазақстанның үздік студенті – 2023»; "Үздік жас ғалым – 2023"; "Қазақстанның үздік магистранты – 2020" аталымдары бойынша үздік көрсеткіштерге ие болды. Сондай-ақ, 2023 жылы институттың 2 студенті Подгорица қаласында (Черногория) өткен франкофон студенттерінің халықаралық фестивалінің лауреаттары атанып оралды. Тағы бір



## ФРАНЦУЗ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНЕ АРНАЛҒАН ЖАЗҒЫ МЕКТЕП ӨТКІЗУДІ ЖОСПАРЛАП ОТЫРМЫЗ

дипломды білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру ісі негізінен француз тілінде жүргізіледі. Бұл әдіс білім алушыларға негізгі халықаралық тілдердің бірін тиімді меңгеруге және еуропалық деңгейдегі заманауи сапалы білім алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, Француз Альянсымен ынтымақтастық шеңберінде халықаралық стандарттарға сәйкес тілдік сертификаттау жүргізіледі.

Осылайша, институт түлектері заманауи білімге және заманауи еңбек нарығында тиімді бәсекеге түсуге мүмкіндік беретін расталған тілдік құзыреттерге ие болады.

Сорбонна-Қазақстан институтында, сонымен бірге жастарды қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлінеді. Институтта жоғары сапалы білім берумен қатар, азаматтық жауапкершілік пен парасаттылыққа, адалдыққа, сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитет қалыптастыруға, құқықтық және қаржылық сауаттылыққа тәрбиелеп, туған елге, жерге деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға ықпал ететін құндылықтарды енгізуге тырысамыз. Бұл бастаманың жарқын көріністерінің бірі – іргетасы институт қабырғасында қаланып, әлеуметтік жауапкершілік пен белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыруға ықпал еткен, жастарды қоғам игілігіне біріктіруге арналған "Izgilik elshisi" Ұлттық еріктілер қозғалысының ұлттық деңгейге дейін көтерілуі. Мұндай бастамалар жастардың бойында жағымды құндылықтардың қалыптасуына ықпал етіп қана қоймайды, сонымен бірге жалпы қоғамның әлеуметтік-мәдени дамуына да белсенді әсер етеді.

**–Сорбонна-Қазақстан институты білім беру тұрғысынан отандық оқу орындарының бір де біріне ұқсамайды. Сонда оның қандай ерекшеліктерін баса атап өткен болар едіңіз? Француз әріптестермен қандай іскерлік байланыс орнатылған?**

–Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Сорбонна-Қазақстан институты Француз серіктес университеттерімен берік қарым-қатынас орнатып, тұтас байланыс желісін қалыптастырған. Олардың негізгілері мыналар:

- Лотарингия университеті (Université de Lorraine);
  - Париждегі Шығыс тілдері мен өркениеттерінің ұлттық институты (INALCO);
  - Пуатье университеті (Université de Poitiers);
  - Реймстегі Шампан-Арденна университеті (Université de Reims Champagne Ardenne);
  - Лилль университеті және тағы басқалар.
- Қазіргі таңда Сорбонна-Қазақстан институты келесідей қос дипломды білім беру бағдарламаларымен жұмыс істейді:
- Лотарингия университетімен бірлескен "Халықаралық құқық" білім беру бағдарламасы;
  - ИНАЛКО (INALCO) бірлескен "Халықаралық қатынастар" білім беру бағдарламасы;
  - Пуатье университетімен бірлескен "Маркетинг" және "Экономика" білім беру бағдарламалары.

**–Қазір шығармашылықпен, ғылыммен айналысамын деген жастарға университетте барлық жағдай бар десе болады. Сіз басқаратын институт-**



4) Жоғары деңгейдегі ғылыми және мәдени іс-шаралар өткізілетін орын. Институттың ғылыми-зерттеу жұмысының ерекшеліктері келесідей іс-шаралардан көрініс табады:

1. Стипендияларды ұсынуға бірлескен қазақ-француз қос дипломдық білім беру бағдарламаларының түлектеріне басымдық беріледі;
2. Диссертациялар мен ғылыми жұмыстарды жазу барысында екі тараптан бірлесіп ғылыми жетекшілік жасау жолға қойылған;
3. Профессор-зерттеушілермен, докторанттармен және тағылымдамадан өтушілермен өзара тәжірибе алмасу арқылы Францияның Орталық Азияны зерттеу институтымен (IFEAC) тығыз ынтымақтастық қарым-қатынас орнату, ғылыми жарияланымдарды бірлесіп дайындау және бірлескен ғылыми семинарлар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастыру, т. б.

**–Абай университеті Қазақстанның өңірлік ЖОО-мен екіжақты келісімдер негізінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы жұмыс жасап жатқаны белгілі. Бұл мәселе Сіз басқаратын институтта қалай жолға қойылған? Білім алушылардың сыртқы академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру мәселесі туралы да тілге тиек ете кетсеңіз?**

–Сорбонна-Қазақстан институтының білім алушылары жыл сайын Абай-Верн және Эразмус+ сияқты халықаралық бағдарламалардың гранттарының, сондай-ақ франкофондық университеттер агенттігінің (AUF) гранттарын иеленуге мүмкіндігі бар, бұл оларға Францияның жетекші жоғары оқу орындарында білім алуға және тағылымдамадан өтуге мүмкіндік береді.

Ағымдағы оқу жылында да Сорбонна-Қазақстан институтының бір топ студенттері Францияның серіктес университеттерінде білім алып, тағлымдамадан өтіп жатқанын мақтанышпен айтып өткіміз келеді..

студентіміз 2021 жылы конкурстан сәтті өтіп, франкофондық университеттер агенттігінің (AUF) желісі бойынша ұйымдастырылған тағылымдамадан өтіп қайтты.

Біздің студенттер спорт саласы бойынша да республикалық студенттік универсиадаларға қатысып, жүлделі орындар иеленіп жатады. Одан басқа жыл сайын халықаралық, республикалық ғылыми жұмыстар конкурстарының жеңімпаздары мен лауреаттары атанады.

Университет басшылығы Сорбонна-Қазақстан институты студенттерінің француз тілін үйренуіне, сондай-ақ олардың Францияның жоғары оқу орындарында академиялық ұтқырлыққа қатысуына көп көңіл бөледі. Бұл ретте бізге университет басшылығы тарапынан, сондай-ақ француз тарапы, оның ішінде Франция университеттері атынан үлкен жағдай жасалып жатқанын атап өтуіміз керек.

Біз Францияның серіктес жоғары оқу орындарының ғалым-профессорларымен бірлескен іс-шараларды белсенді түрде өткізіп келеміз. Мысалы, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі Комиссиямен бірлесіп "Құқықтық диалогтар" іс-шарасын тұрақты түрде өткізіп келеміз. Онда біздің француздық профессорларымыз заңгер ретінде құнды әрі оң тәжірибелерімен кеңінен бөліседі. Мұның бәрі біздің студенттерге тәжірибе жинақтауға, кәсіби мамандардан үйренуге тамаша мүмкіндік береді.

Осы орайда айтып өтетін бір мәселе, алдағы жазда Абай университеті Францияның Пуатье университетімен бірлесіп, Қазақстан мен Орта Азияның француз тілі мұғалімдеріне арналған жазғы мектеп өткізуді жоспарлап отыр. Бұл жоба барлық тілек білдірушілерге кеңінен есік ашатынын атап өткім келеді. Франциядан келетін әріптестеріміз – сол елдің ең үздік әдіскерлері Абай University алаңында өз тәжірибелерімен бөліседі.

Қазіргі кезеңде біз Франция университеттерімен бірлесіп шет тілдері, атап айтқанда француз тілі мұғалімдерін даярлау бойынша қос дипломды бағдарлама ашуды қолға алып, жаңа білім беру бағдарламасын ашу бойынша жұмыс істеп жатырмыз.

Біздің алға қойған жоспарларымыз көп. Мысалы, Лотарингия, Пуатье және ИНАЛКО университеттерімен және тағы басқа еуропалық жоғары оқу орындарымен жолға қойылған әріптестік, ынтымақтастық қарым-қатынас жақсы нәтиже көрсетуде. Алда көптеген жоспарлар мен міндеттер бар, студенттеріміздің игілігі үшін әлі талай бастамаларды жүзеге асырамыз деп ойлаймын. Адамзаттың ұлы ұстазы Әл-Фараби бабамыздың «Адам мақсатына өзін өзі жетілдіру арқылы жетеді» дейтін бар. Олай болса оқу-білімде біз үнемі өзімізді өзіміз жетілдіріп, алға сүйреп отыруымыз керек. Сонда көздеген мақсатымызға жететініміз анық. Ендеше ұлы бабамыз айтқан аманатқа берік болайық дегім келеді.

**–Әңгімеңізге рахмет.**

Сұхбаттасқан **Болат ЖҰМЫНҰЛЫ**

### ТҰСАУКЕСЕР

## БЕЛГІЛІ ҚАЛАМҒЕРДІҢ ЕКІ КІТАБЫНЫҢ ТАНЫСТЫРЫЛЫМЫ

2024 жылдың 16 сәуірінде Жамбыл атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасында Абай атындағы ҚазҰПУ Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департаменттің ұйымдастыруымен белгілі ақын, сыншы, республикалық және халықаралық сыйлықтардың лауреаты, «Абай университеті» газетінің бас редакторы **Болат Шарахымбайдың «Қайшылықтар дилеммасы»** және «Желтоқсан: Рух дауылы» қос кітабының таныстырылымы болып өтті.



Кешке Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Нұржан Қуантай, сыншы, филология ғылымдарының докторы, профессор Қансейіт Әбдезулы, жазушылар – «Президент және халық» газетінің бас редакторы Марат Тоқашбай, «Қазақстан дәуірі» газетінің бас редакторы Ертай Айғалиұлы, «Жыл - он екі ай» журналының бас редакторы Талғат Айтбайұлы, «Үш қоңыр» газетінің бас редакторы Болат Батыр, ҚР

мемлекеттік архивінің директоры Сәбит Шілдебай, публицист, философия ғылымдарының докторы, профессор Әбдірашит Бәкірұлы, филология ғылымдарының кандидаты Дәурен Мұхамедиев, тағы басқа белгілі ақын-жазушылар, ғалымдар, зиялы қауым өкілдері мен қоғам қайраткерлері қатысты.

Белгілі сазгер, күйші Талап Қараш кеш иесіне арнаған «Қазығұрт толғауы» күйін орындаса, университетіміздің студенті, айтыстың жас жүйрігі

Санжар Даярбек жырдан шашу шашты. Ал, шәкірттері Айбын Ахмадиев пен Ақсұңқар Алмахан ақын өлеңдерінен үзінділер оқып, көрермендердің ерекше ықыласына бөленді.

«Қайшылықтар дилеммасы» - жазушының бұл кезекті кітабы сын жанрына арналған. Мұнда автордың қазақ әдебиеті туралы әр жылдарда жазған тебіреніс-толғаныстары топтастырылған. Жазбалардың қай-қайсы да ой жаңашылдығымен, пікір алуандығымен ерекшеленеді.

«Желтоқсан: Рух дауылы» - 1986 жылғы Желтоқсан қаһарманы, қайраткер қаламгердің бұл кітабында жас қазақтардың ерлік күресі, лайықты бағасын ала алмай жүрген ұлт-азаттық көтерілістің тарихи-саяси-құқықтық мәселелері жан-жақты сөз болады. Автор әр мақаласында қазақ халқының тарихынан мәңгілік орын алатын ұлы ерлікті дәріптейді, ақтарыла сыр шертеді, ой түйерлік мәліметтерді алға тартады.

Шара аясында кітапхана қорынан Б.Шарахымбайдың өмірі мен шығармашылығына арналған көрме ұйымдастырылып, слайд көрсетілді.

Кеш барысында Халықаралық «Махамбет» қорының төрағасы, «Үш қоңыр» газетінің бас редакторы Б.Батыр кеш иесі, белгілі қаламгер Болат Шарахымбайды Халықаралық Махамбет атындағы сыйлықпен марапаттап, қазақы ырыммен үстіне оқалы шапан жапты.

**Ақерке ЫСҚАҚ,**  
«Абай университеті» газетінің дизайнері

## ПӘНДІК ОЛИМПИАДА ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІМЕН ЖҮЗДЕСУ

Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма төрағасы-ректор **Болат Тілеп «6B012 - Химия мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының білім алушылар арасында ұйымдастырылған XVI Республикалық пәндік Олимпиаданың жүлдегерлерін қабылдады. Олимпиада 2024 жылдың 18-19 сәуір аралығында Ақтау қаласында Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінде өтті.**



Олимпиада қорытындысы бойынша Жаратылыстану және география институты «6B01510-Химия» мамандығының 2-ші курс студенті Берік Пердебай I орынды, «6B01510-Химия» мамандығының 3-ші курс студенті Гүлнұр Жиенбаева III орынды, жалпы командалық есепте I орынды жеңіп алды. Команда жетекшісі - х.ғ.к., доцент Ханат Дюсебаев.

Кездесуде ректор дарынды студенттердің кәсіби өсуіне ықпал ететін халықаралық және республикалық іс-шараларға қатысуының маңыздылығына тоқталып, оларға қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді. Университеттің бірінші басшысы жеңімпаздарды жетістіктерімен құттықтап, Абай атындағы ҚазҰПУ командасын лайықты дайындағаны үшін химия кафедрасының оқытушыларына алғысын білдірді.

СТУДЕНТТІК  
ТЕАТРАЛ КОНКУРСЫ

20 сәуірде «Абай әлемі» көктемгі мерекелік кезеңдері аясында «Студент және сахна» II республикалық студенттік театрлар конкурсы ұйымдастырылды.

Конкурсқа Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ ұлттық мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының актрисасы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, профессор Күлжамила Белжанова, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, доценті Майса Өтебаева, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының доценті, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Ерғалым Төкеев, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, драматург, актер Байғали Есеналиев, университеттің әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Мақсат Жақауов қазылық етті.



Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту мен жастардың бойына ұлттық әрі рухани құндылықтарды сіңіру мақсатында ұйымдастырылып отырған конкурс жалпы саны 13 студенттік театр қатысты. Бірінші кезеңнен іріктеліп шыққан 6 студенттік театр конкурсы жіберілді. Елімізде орын алып жатқан төтенше жағдайларға байланысты Е.А.Бекетов атындағы Қарағанды университетінің «Қожанасыр» студенттік театры ақтық мәреге қатыса алмады. Конкурс талабына сәйкес қойылмағандар бүгінгі күннің өзекті тақырыптарын көтерді. Нәтижесінде М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің (Шымкент қаласы) «Өркен» студенттік театры «Шыбын ғұмыр» қойылымымен жүлделі I орынды алып, конкурс жеңімпазы атанды. Жүлделі II орынды «Мұғалім» қойылымымен Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің «Өнер-жастан...» студенттік театры, III орынды Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің, Кәрімбек Сейітметов атындағы «Рух» студенттік театры «Мидағы митинг» психологиялық драмасымен иеленді. Сондай-ақ, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Фархад Молдағали шеберханасы» студенттік театры «Алло, мама...» қойылымымен «Серәлі Қожамқұлов атындағы көрермен көзайымы» номинациясымен иеленді. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Шың» студенттік театры «Жазығым не... менің мама?» шығармасымен «Сабира Майқанова атында үздік әйел бейнесі» номинациясымен және «Үркер» театры «Алғашқы ұстаз» Ш.Айтматов қойылымымен «Асанәлі Әшімов атындағы үздік ер адам бейнесі» номинациясымен марапатталды.

Ақерке ЫСҚАҚ

Әзіл

Студент аудиториядан шығады. Жолдастары тықырышып:

- Қалай, тапсырдың ба?—дейді.
- Тапсырған сияқтымын...
- Ол не сұрады?
- Қайдан білейін, ол ағылшын тілінде сұрады ғой.

Болат ЖҰМЫНҰЛЫ,  
Қазақстанның құрметті журналисі

«Балаларым, кісінің ала жібін аттамаңдар, біреуге қиянат жасамаңдар. Жақсы оқып, өнегелі азамат болып өсіңдер. Мен қиын заманда дүниеге келіп, оқи алмадым. Ендігі болашақ сендердікі. Сендер оқыңдар»,- деп отырар еді әкесі Әбжаппар. Әке ақылы әсер етті ме, Несіпхан мектепте өте жақсы оқыды. Әсіресе, математика, физика, химия сияқты жаратылыстану пәндеріне деген ықылас-пейілі ерекше болатын. Аталған пәндерден өткізілетін аудандық, облыстық және республикалық олимпиадаларда үнемі топ жарып шығатыны көптің есіңде.

Мектептен соң бірер жыл ауылда жұмыс істеп, келесі жылы Әл Фараби (бұрынғы С.Киров) атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің дайындық бөліміне оқуға түскен ол бір жылдан кейін химия факультетінің студенті болып шыға келді. Универстет қабырғасында жақсы оқуымен қатар ғылымға икемділігін де байқатып, ұстаздарының ықыласына өзіне аударды.

1978 жылы жоғары білім туралы дипломын алған соң Оқу Министрлігінің жолдамасымен Қазақ КСР Ғылым академиясының Атырау қаласындағы Мұнай және табиғи тұздар институтына инженерлік қызметке жіберілді. Өндіріс орнында оның көргені мен түйгені молайып, ғылымға деген ынтасы одан сайын арта түсті. Мұнайлы өңірдегі мұнай шикізатын өңдеу, оның қалдықтарын халық шаруашылығына пайдалану мәселелері жөнінде өзіндік ой-пікірлері қалыптасып, осы істі жетілдіруге үлес қоссам

нәтижесінде мұнай қалдықтарынан шайыр алу, оның тұтқырлығын күшейтеу жолында ірі-ірі табыстарға қол жеткізді, көптеген ғылыми жобаларды ойдағыдай орындап, ғылымға өлшеусіз үлес қосты. Ғылыми жаңалықтар үшін 45 авторлық куәлікке, 4 патентке ие болды. 350-ден астам ғылыми еңбектерін жариялады, оның 150-ден астамы таза химия ғылымдарына арналған еңбектер. Бірнеше монографиясы мен оқу құралдары бар.

Ғалымның үнемі еліміздегі мұнай-газ химиясының жайына алаңдан жүретіні бар. Олай болатыны, жоғарыда біз атап өткен мұнайлы өңірде мұнайдың қалдығынан шайырлардан басқа полипропилен, полистирол, пласт-масса материалдарын алуға болады. Ал бізде мұнайдың жанармай алудан басқа кәдеге асып жатқаны жайы жоқ. Бүгінде еліміз пропилен құбырларын шетелдерден тасиды. Ал мұнай-газ өндірісі өркендеп тұрған біздің елімізде оны өзіміздің өнімнен алсақ ол едәуір арзан түспес пе еді? Кеңестік кезеңде Ақтауда полистирол зауыты бар еді. Ал қазір біз бұл материалдарды Қытайдан алып жатырмыз. Қолда бар зауыттарымыздың бүгінгі шығарып жатқандары мұнай-газ химиясының XVIII-XIX ғасырларда белгілі болған өнімдері. Қазір XXI ғасырда өмір сүріп жатырмыз ғой. Ал мұнайға белшесінен батқан Қазақстанда тіпті XX ғасырдың өнімі дейтін мұнай-газ химиясы өнімдері шығарылмайды. Жасыратыны жоқ Н.Бектеновтың және оның әріптестерінің химия саласында ашқан жаңалықтары егеменді елдің

технологияларды өндіріске енгізу ғана қалып тұр. Ал оған әрине қаржы керек.

Ғалым Несіпхан Бектеновтың ғылыми бағытында назар аударатын жаңалықтар баршылық. Ол жаңа ион алмастырғыштарды синтездеуді экпоксикрилаттардан алуды негіздеді. Күкіртті бетондар шығару жобасына қатысты, бірнеше еңбек жариялады. Айталық, сусыз шөлейтті аймақтарда өндіріс орындары мен құрылыстар салу қажет болды дейік, ал бетонға араластыратын су тапшы, оны қайдан тасимыз? Осындай кезде су орнына күкірт ерітіндісін пайдаланып, бетон жасауға болады.

Химиктер бүгінде пластобетон деп аталатын пласт-масса, резина – техникалық материалдар қосылған бетон түрін сынақтан өткізуде. Сондай – ақ композициялық күкіртті және пластобетондар, резина – техникалық бетондар шығаруға да химик – ғалымдарымыз кең жол ашып отыр. Бұл жаңалықтың бәрі де ҚР ғылымға еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик Еділ Ерғожин басқаратын Ә.Бектұров атындағы Химия ғылымдары институтының ионалмастырғыш шайырлар және мембраналар зертханасында әлемдік деңгейдегі талантты ғалым Н.Бектеновтың тікелей басшылығымен өмірге келіп жатқанын көпшілік біле бермейді.

Н.Бектеновтың қазіргі айналысып жүрген ғылыми

## ҰЛТ БОЛАШАҒЫН ОЙЛАҒАН ҒАЛЫМ



деген арман оты жылт етті кеудесінде. Одан кейін 1979-1989 жылдары Әл Фараби атындағы ҚазМУ-і Әскери-теңіз күштерінің жоғары молекулалық қосылыстар зертханасында инженер, бас инженер, аспирант, аға ғылыми қызметкер болып жұмыс атқарды. Мансаптан бұрын оның ойлағаны ғылыми жұмыс болатын. Сондықтан ол аспирант-тұраны бітірген соң, 1988 жылы «Глицидилметакриат негізіндегі иониттер және басқа да полимерлер» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. Сонан соң Қазақ мемлекеттік университетінің бейорганикалық кафедрасына аға ғылыми қызметкер болып орналасты. 1990-2006 жылдары Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде ассистент, аға оқытушы, доцент болып қызмет атқарды. Үш жылдан астам химия факультеті деканының орынбасары болды. 2006 жылдан бері Ә.Бектұров атындағы Химия ғылымдары институтының ион алмастырғыш шайырлар және мембраналар зертханасында жетекші ғылыми қызметкер, бас ғылыми қызметкер және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Магистратура және PhD докторантура институтында профессор болып қызмет істеп келеді.

1997-2001 жылдары химия ғылымдары институтының химия кафедрасы мен ион алмастырғыш шайырлар зертханасының докторантурасында оқыған Н.Бектенов докторантурадан кейін, 2007 жылы, белгілі химик-ғалым ҚР ҰҒА академигі Е.Ерғожиннің жетекшілігімен «Глицидилметакрилаттың гомо- және сополимерлері негізіндегі өткізгіштігі жоғары селективті көп функционалды ионалмастырғыштар: синтез, қасиеті және қолданылуы» тақырыбында химия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін табысты қорғады. Ғылыми және педагогикалық қызметті тығыз ұштастырған Н.Бектенов өзінің бүкіл шығармашылық әлеуетін шәкірт тәрбиесі мен мұнай-газ және полимерлер химиясын дамытуға жұмылдырып келеді.

Профессор Н.Бектеновтың ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі бағыты «Ауыр және асыл металл иондарын сорып алатын жаңа жоғары өткізгіштігі бар көп функционалды ионалмастырғыш шайырларды эпоксиакрилаттар негізінде синтездеу және олардың физикалық-химиялық қасиеттерін зерттеу» тақырыбын қамтиды. Шайыр деп отырғанымыз кәдімгі асфальтқа қосылатын, құрылысқа және басқа да қажеттіліктерге пайдаланылатын смола материалдары.

Шайыр (смола) негізінен өңделген мұнайдың қалдықтарынан және көмірден алынатын химиялық күрделі зат. Өндірісте кеңінен қолданылатын шайырлардың сапасын жақсарту, өндірістік тиімділігін арттыру жолында Несіпхан Бектенов ташылата тер төкті. Атырау мұнай кәсіпшілігінде ұзақ жылдар мұнай қалдықтарының химиялық құрамын зерттеумен айналысты. Қарағанды көмір шахталарында алынған көмірден модифицирленген иониттер алу үшін өткізген алтын уақыттары да зая кетпеді. Соның

кәдесіне жаратуға жол таппай тұр дегенге қалай қынжылмайсың? Бүгінгі таңда Қытай мемлекеті мұнай-газ химиясы өнімдерімен бүкіл әлемді жаулап алғанын ескерсек, осы саладағы біздің ғалымдарымыздың ізденістері мен ашқан жаңалықтары қытай ғалымдарынан бір мысқал да кем емес, алайда біздің ғалымдарымыздың жаңалықтары отандық өндіріске ене алмай, Қытайдың игілігіне айналуда.

Қазір мұнай-газ химиясының өнімдері кездеспейтін сала жоқ. Мұнай-газ химиясының дәурені жүріп-ақ тұр. Бүгінгі нарық заманында ақшаға кенелтетін осы табыс көзін пайдалана алмай отырғанымыз өкінішті. Ал біздің еліміз 2025 жылға қарай жылына 150 миллион тонна мұнай өндіремекші. Осының 10 пайызға жетпейтін бөлігі жанармай үшін өңдеуден өтеді де, қалғаны балауыз бен күкірттен тазартылып, шикі күйінде шетел асып жатады. Алатынымыз арзымайтын тиын-тебен ғана. Егер әлгі айтылған 150 миллион тоннаның ең болмаса оннан бірін басқа өнім алу мақсатында өңдеуден өткізетін кәсіпорын құрылса, онда еліміздің табар табысы сол бүкіл мұнайды шикідей сатқандағы пайдадан кем болмас еді. Айталық, Ақтаудағы бұрынғы полистирол зауытын қайтадан жандандырсaq, полиэтилен, полипропилен өндіретін зауыттар салсақ өз байлығымыз өзімізге жетер еді. Қытай мен Ресей бізден құбыр арқылы ағыл-тегіл ақтарып алып жатқан шикі мұнайдың қалдығын өңдеп, онан әлгі айтылған өнімдерді тонналап өндіріп, өзімізге қайта сатып жатқан жайы бар. Бүгінде нағыз құрылыс алаңына айналған Қазақстан қазір бұрынғыдай жалаңаш темір, болат, шойын құбырлар емес, олардың полиэтиленмен, полипропиленмен қапталған түрлерін шетелдерден қыруар ақшаға сатып алып, шығынға батып отыр. Оларды өзімізде-ақ шығаруға мүмкіндік бар.

Біздің еліміздің жолдары тозып кетті, оны асфальттау үшін битум керек. Бірақ мұнай бар да, битум жоқ. Шымкентте шина зауыты бар. Ал оған қажетті каучук біздің елде шығарылмайды. Мұнайдан алынатын мономерлер, каучуктер мен сорбенттерден көптеген полимерлер және дәрі-дәрмек, тыңайтқыш материалдарын алуға болар еді. Қазақстанның химиктері мұнайдан ең кемі 20-30 түрлі өнім шығаруға болатынын ғылыми негіздеп бере алады. Химия ғылымдарының докторы, профессор Несіпхан Әбжапарұлы өзін толғандырған бұл ойын бұдан 5 жыл бұрын журнал-листерге баяндап берген еді. Бірақ бұл мәселе әлі күнге өзектілігін жоғалтқан жоқ. Бес жылдан бері мұнай-газ химиясы саласында салынған кәсіпорын немесе ғалымның ұсынысынан шығарылған қорытынды жоқ. Айдың күннің аманында ағыл-тегіл байлығынан ажырап отырған қазақым-ай. Әйтпесе, химик ғалымдарымыздың ашып жатқан жаңалықтары шетелдіктерден осал емес қой. Мысалы, профессор Н.Ә. Бектенов пен оның шәкіртері ғана суларды және медициналық дәрі –дәрмектерді, металл иондарын тазартатын иониттердің 120-дан астам түрлерін синтездеп, олардың химиялық құрамдары мен қасиеттерін анықтап шықты және оларды алудың оңай технологиясын тапты. Енді зертханада жасалған осы

бағыттары: құрамында көп функционалды топтары бар ионалмастырғыш шайырлар және мембраналар алу (медицинада, фармацевтикада, атом өнеркәбинде, гидрометаллургияда пайдалану үшін); мұнай және мұнай қалдықтарын өңдеп, жаңа сипаттамалары бар әртүрлі композиттік материалдар алып, оларды құрылыс, жол құрылысы саласында пайдаланудың ғылыми-теориялық және практикалық негіздерін жасау; төгілген мұнай өнімдерін тазалау жолдары және олардың прогрессивтік заманауи технологияларын жасау. Кейінгі үш – төрт жылда профессор Н.Бектенов жоғары молекулалы қосылыстар химиясы, ион алмасау теориясы мен практикасы, мұнай химиясы, мұнай өңдеу мәселелері бойынша Ресей Федерациясының негізгі ғылыми-зерттеу орталықтарында, Мәскеу, Қазан, Уфа, Томск қалаларына тағылымдамадан өтті. Көптеген халықаралық конференциялар мен симпозиумдарда баяндамалар жасады.

Несіпхан Әбжапарұлы ғалымдығымен қоса білікті ұстаз да. Ол магистранттар алдында бейорганикалық және органикалық химиядан, бейорганикалық және органикалық синтезден, мұнай – газ химиясы, жоғары молекулалық қосылыстар және компьютерлік химия пәндерінен дәріс оқыды. Оның дәрістері қазақша да, орысша да өте түсінікті, шәкірттерін өзіне тартып отырады. Зертханалық – семинарлық сабақтары да жоғары дәрежеде өтеді. Ол өз шәкірттерін ғылымға бейімдеп, олармен қажымай – талмай жұмыс істеп жүрген еңбекқор педагог. Профессор Н.Бектеновтың ғылыми жетекшілігімен 10 дипломдық, 30 магистрлік жұмыстар қорғалды және жоғары молекулалық қосылыстар химиясы саласында 7 ғылым кандидаты даярланды. Шәкірттерінің көпшілігі оның жолын қуып, химия ғылымдары саласында абыройлы еңбек етуде. Еліміздің мектептерінде химия пәнен сабақ беріп, оқушы тәрбиелеп жүрген педагог ізбасарлары қаншама?! Профессор Н.Бектеновтың ғылыми жетекшілігімен студенттер, магистранттар, аспиранттар ғылыми – зерттеу жұмысымен жүйелі түрде айналысады. Зерттеу нәтижелерін жинақтап әртүрлі конференцияларда, симпозиумдарда баяндамалар жасайды. Н. Бектенов бүгінде докторлық және кандидаттық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық Кеңестің мүшесі, Абай университеті «Хабаршы (Биология және химия сериясы)» және «Экспозиция Мұнай газ» халықаралық ғылыми-техникалық журналдарының (Ресей) редакциялық кеңесінің мүшесі, ҚР БҒМ «Жаңа технологиялардың ғылыми негіздерін әзірлеу және әртүрлі функционалдық мақсаттағы перспективалық материалдарды жасау» іргелі зерттеу бағдарламасы бойынша ФТК сараптамалық және «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттігі» АҚ ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі сараптамалық кеңесінің мүшесі.

Несіпхан Бектенов айтулы ғалым ғана емес, өнегелі отағасы да. Жұбайы Светлана Қадірқызы – биология ғылымдарының кандидаты, С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-де доцент. Үлкен ұлы Бақытжан – жобалау-құрылыс компаниясында инженер, қызы Сәбина «Болашақ» бағдарламасы бойынша Англияда оқыған, қазір Швейцарияда қаржы саласында қызмет атқарады. Кенже қызы Зарина – фармацевт.

Ендеше, ғалымды өмірлік мақсаты еткен қадірменді Несіпхан Әбжапарұлына, дана жасыңыз құтты болсын дей отырып, баба жасқа жетіңіз, еңбегіңізді жемісін көре беріңіз деп ақжарма тілек айтамыз.

Болат ЖҰМЫНҰЛЫ,  
Қазақстанның құрметті журналисіМЕНШІК ИЕСІ:  
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Бас редактор  
Болат ШАРАХЫМБАЙ  
Көркемдеуші-дизайнер  
Нұрбол ЖЕТІГЕНОВ  
Ақерке ЫСҚАҚ  
фототілші  
Серік ИМАНҚҰЛОВ

Редакцияның  
мекен-жайы: 050010  
Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі,  
30-үй, № 323-бөлме.  
Байланыс тел.: +7 /727/ 291-37-56  
Газет бүкіл республикаға тарайды.

Тапсырыс № 224  
Индекс 65285  
Таралымы 1000  
• Авторлық мақалалары  
редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Редакцияға түскен материал  
қайтарылмайды.

«ҰЛАҒАТ» баспасының  
баспаханасында басылдыБаспа директоры  
Таңат ӘЛИАСҚАРОВБаспаның мекен-жайы:  
050010Алматы қаласы,  
Қазыбек би көшесі, 30 - үй.